

Шымкент қ.

«01-11» қыркүйек 2023ж

ШЖҚ «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ы комплаенс офицерінің жоспары бойынша *Сыбайлас жемқорлыққа байланысты заңнамалар және ол бойынша құқықтық жасаукершілік* тақырыпта 2023 жылдың 01-11 қыркүйек күндері ШЖҚ «ЖМЖКС» МКК-ы мәжіліс залында жұмыскерлер арасында лекция оқылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қатысқандар саны 240 адам.

Тақырыбы : *Сыбайлас жемқорлыққа байланысты заңнамалар және ол бойынша құқықтық жасаукершілік*

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлық - лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Елде сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы, экономикалық дамуды тоқтатады, инвестициялық климатқа теріс әсер етеді, елдің имиджін төмендетеді.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады және оның көріністерін болдырмау жөніндегі шараларға ерекше орын беріледі.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру үшін бірқатар нормативтік-құқықтық актілер мен мемлекеттік бағдарламаларды қабылдады.

1998 жылы Қазақстан ТМД елдерінде алғашқылардың бірі болып «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылдады, ол оған қарсы күресудің негізгі қағидаттары мен тетіктерін анықтады.

2014 жылдың 24 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» бекітілді, осы стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көрінісіне "мүлдем төзбеушілік" ахуалын жасау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Қазақстанның осы маңызды мәселесі бойынша қағидаттық ұстанымын білдіретін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі болып табылады.

Біздің елімізде қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істеуде, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы № 410-V және Қазақстан

Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ оның негізі болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды кешенді түрде іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес әр адамнан, қоршаған орта өкілінен басталуы керек.

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы № 410-V

2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі

3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ.

5. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.

6. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ**

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.

Заңы бойынша, жұмысқа қабылдау кезінде, азаматтық қызметке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады. Осы Заңның 53 бап 12 тармақ Осы Кодекстің 52-бабы 1-1-тармағының 2) тармақшасында көзделген негіз бойынша еңбек шартын бұзу 1) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін соттың заңды күшіне енген айыптау үкімі болғанда бұзылады делінген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V226 ҚРЗ

29) сыбайлас жемқорлық қылмыстар – осы Кодекстің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағында), 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 450, 451 (екінші бөлігінің 2) тармағында) және 452-баптарында көзделген іс-әрекеттер кіреді делінген. Пара алуға, пара беруге, делдал болуға, өзінің лауазымдық қызметін пайдалануға болмайды. Заңда көрсетілген баптар бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады. 5 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның

еселенген мөлшерінде айыппұл салу көрсетілген. Лауазымды тұлға, сыйлық алса, уәкілетті органға тез арада қайтарып өткізуі тиіс. Егер де сыйлықтың құны екі айлық есептік көрсеткіштен аспаса, көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады.

Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы

Жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық актілер негізінде мекемеде келесі ішкі нормативтік құжаттар бекітілген:

1. Шымкент қаласы Денсаулық сақтау басқармасымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

2. Бас дәрігермен бекітілген 2022 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жол картасы.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің ережесі.

Құрметті Шымкент қаласының тұрғындары!

Егер де Сізден Жедел жәрдем станциясының қызметкерлері тарапынан медициналық көмек көрсеткені үшін ақшалай сыйақы талап етсе, өз жұмыстарын дұрыс орындамай, дәрекілік танытса, Сізден 8 707 1921209 комплаенс-офицер нөміріне, яғни маған, хабарласуыңызды сұраймын.

Комплаенс-офицер қызметі сондай-ақ Кәсіпорынның жұмыскерлерінің құқықтарын қорғау болып табылады. Сол себепті, **Комплаенс-офицер келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде жұмыс істейді:**

Кәсіпорынның 1 қабатта орналасқан фронт – офисте күнделікті сағат 10-нан 11.00 аралығында сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар бойынша қабылдау жүргізеледі.

Комплаенс-офицердің қызметтері, аты-жөні, байланыс телефоны көрсетілген ақпараттық тақта ілінді.

Тұрғындардың өтініші мен шағымдарын қарастыратын 8 (7252) 53 97 98 нөмірде сенім телефоны жұмыс істейді


Қазіргі уақытқа дейін Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жоқ.

Жеке немесе заңды тұлғаның медицина мекемесінің қызметкерінің әрекеттеріне немесе әрекетсіздіктеріне қатысты арыз-шағым түскен жағдайда қызметтік тексеру жүргізіп, сол мекеменің басшысына тиісті тәртіптік шара қарау жөнінде ұсыныс енгізеді.

Қаулы етті :

Жұмыскерлер барлық жерде сыбайлас жемқорлыққа байланысты заңнамаларды қатаң сақтауы және оны болдырмауға, алдын алу бойынша күреседі.

Комплаенс-офицер



Г.Азимбаева